



● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – ҚАСТЕРЛІ ҚАСИЕТ



«РИЗАШЫЛЫҚ –

балалардың игілігі үшін!»

Гүлназым
САҒИТОВА

Міне, осындай атпен еліміздегі, соның ішінде облысымыздағы барлық балалар үйлері мен интернаттарында қайырымдылық акциясы болып өтті. Осындай игілікті шара 2009 жылдан бері қараша айының соңғы аптасында «Бөбек» балалар қорының Президенті Сара Алпысқызының бастамасымен ұйымдастырылып келеді.

– Қамқөңіл балаларымызға атаулы күндерде ғана емес, жыл он екі айдың қай күнінде болмасын қуаныш сыйласақ артық болмас деп ойлаймын. Екі-үш жылдан бері облыстық балалар үйімен тығыз байланыста болып, араласып жұмыс істейміз. Жазы-қысы демей

мүмкіндігінше қол ұшын береміз, қайырымдылық шарасын көрсетеміз, мысалы, жазда он төрт балаға жазғы демалыс лагеріне барарда спорт аяқ киімін сыйладық. Бүгінде сый-сыяпатымызды алып келдік. Енді осындай-осындай көмек бердік дегеніміз жөн болмас, – деді Қостанай қалалық мешітінің бас имамы Шоқан қажы Әмірханов.

Облыстық балалар үйіне кіргенімізде демеушілер мен меценаттардың сыйлаған сыйлықтарын, мысалы, музыкалық және ойын жабдықтарын, тұрмыстық техника, спорттық тренажерларды, басқа да заттарды көрдік. Балалар үйі қызметкерлерінің айтуынша, барлық балалар үйлері мен интернаттарына облысымыздағы банктер, ірі өндіріс кәсіпорындары, серіктестіктер мен кәсіпкерлер, басқа да ұйымдар, мәдени

ұлттық қауымдастықтар демеушілік жасады.

Мәліметтерге жүгінсек, республикамызда 8191 жетім бала мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала тәрбиеленіп жатқан 180 ұйым жұмыс істейді. Соңғы 5 жылда бұл ұйымдардың тәрбиелеудің отбасылық нысанын дамыту желісі 22 бірлікке азайды.

Шара барысында жиналғандарды балалар үйінің директоры С.Архипкин құттықтады, жылы лебізін білдіріп, рақметін айтты. Содан кейін мерекелік концерт болды, балалар өнерлерін көрсетті. Балалардың шығармашылық жұмыстарының көрмесі ұйымдастырылды. Келген қонақтар балалар үйін аралады.

СУРЕТТЕ: қайырымдылық шарасынан көрініс. Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Баспасөз – 2016

Газет аптасына үш рет: сейсенбі, сәрсенбі, жұма күндері шығады. Сейсенбі, сәрсенбі күндері 12 беттен, жұмада екі рет 16 бет, екі рет «Ақшам» қосымшасымен 24 бет болып шығады. Сәрсенбі, жұма күндері басылым түрлі-түсті болып басылады.

«Қостанай таңы» газетіне жазылу бағасы:

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін:

1 жылға – 5000 теңге, 6 айға – 2500 теңге.

– жеке оқырмандарға:

1 жылға – 4200 теңге, 6 айға – 2100 теңге.

– Ұлы Отан соғысы ардагерлері үшін:

1 жылға – 3900 теңге, 6 айға – 1950 теңге.

«Қостанай таңы» газетіне «Қазпошта» бөлімшелерінде және аймақтық «Костанайские новости» газеті редакциясының баспасөз тарату қызметінде жазыла аласыз.

Қостанай қаласы бойынша газеттің



индексі:

– жеке оқырмандар үшін – 54626
– зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54627
– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54625

ымдар үшін – 54625

Лисаков, Арқалық, Жітіқара, Рудный қалалары бойынша газеттің индексі:

– жеке оқырмандар үшін – 54679
– зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54680
– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54678

Селолық жердегі жазылушылар үшін газеттің индексі:

– жеке оқырмандар үшін – 54752
– зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54753
– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54751.

● ДОСТЫҚ КЕРУЕНІ

Елдікті жырға қосқан

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Достық үйінде "Мүшәйра" байқауы мен этносаралық және конфессияаралық толеранттықты насихаттау бойынша "Достық керуені" ақпараттық-насихаттау тобының қызметін ұйымдастыру" жобасы қорытындыланды.



Биылғы жылы да бұл жоба ойдағыдай өрбіп, соның аясындағы бірқатар шаралар түйінделді. Атап айтсақ, ақындар мүшәйрасы қорытындыланып, тобылдық таланттардың туындылары топтастырылған тың кітап жарық көрді. Жобаны іске асыру шеңберінде мемлекеттік этносыясат және Қостанай облысындағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты нығайту мәселесі бойынша Алтынсарин, Денисов, Қарабалық, Сарыкөл, Таран аудандарында және Арқалық қаласында "дөңгелек үстел" басында 6 кездесу өткізілген. Облыстың ортаарнайы білім беру мекемелерінде этносаралық толеранттық пен қоғамдық келісімді түсіндіруге бағытталған 9 тренинг ұйымдастырылған. Этностық топтардың мәдениетін, салттар мен дәстүрлерін дамытуға бағытталған облыстық фестиваль де көрерменге жол тартқан. Фестиваль аясында ақындар мүшәйрасы ұйымдастырылып, оған 71 автор шығармашылығын жолдаған. Оның 35-інің туындылары тың топтамаға енді.

Достықты дәріптеген керуен дінаралық, ұлтаралық келісімді нығайтумен ғана шектелмейді. Биыл ақпараттық-насихат тобы Ата заңымыздың 20 жылдығы, Жеңістің 70 және Қазақ хандығының 550 жылдығы сияқты мейрамдарды ұлықтады. Сондай-ақ, аймақ ақындары ауызбіршілік пен бірлік тақырыбында қалам тербеді.

Жоба қорытындысы бойынша этносаралық толеранттықты насихаттауға бағытталған әдістемелік материалдары бар жинақ-дискі және "Мүшәйра" өлеңдер жинағы марапатталған жастарға тарту етілді. Шараға Қостанай облысымен қоса Ресей Федерациясының шекаралас аумақтарының ақын-авторлары да белсене атсалысқан.

Жастарға қолдау көрсетті

Руслан
ӘЛКЕЕВ

Сарыкөл ауданында белсенді жастардың қатары баршылық. "Жас саясаткер" жастар ақпараттық тобы өңірде өз жұмысын биыл ғана бастады. Бастамашыл жастар орталығы арқылы "Жолдаумен ауылдық округке" ұранымен жұмыс істеп келеді. Ағымдағы жылдың шілде-тамыз айларында ауылдық округтерде бірнеше кездесу өткізген. Ауыл жастарының басын қосып, 21 еріктіні оқытқан.

Ағымдағы жылы өңірде жүзеге асырылған құны 1 млн. теңгелік қос жоба тоқтатылған. Оның бірі – "Достық керуені" ұлтаралық және конфессияаралық келісімді насихаттау бойынша кешенді шараларды өткізу. Ал, екіншісі – бастамашыл жастар мен еріктілерді дамыту, "Мектеп көшбасшысы" кешенді шарасын өткізу. Сарыкөлдік жастардың ұтып алған грант жобалары да жоқ емес. Кездесуді ұйымдастырған аудан әкімі Э.Күзенбаев жастардың алдына бірнеше тапсырмалар қойып, белсенді жұмыс істеулерін тапсырды.

Сарыкөл ауданы.

"Нұр мен шабыт"

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Көркемсурет галереясында ҚР Суретшілер одағының мүшесі Татьяна Изюмованың "Нұр мен шабыт" атты дербес көрмесі ашылды. Көрмеге акварель техникасында орындалған 33 туынды: пейзаждар, портреттер және этюдтер қойылды.

Туындылардың көбі табиғат тақырыбына арналған. Сурет салуға жаны құмар Татьяна Изюмованың есімі еңбектерімен жақсы таныс. Сан түрлі сайыстарда озып шығып, алда жүретін талант иесінің туындылары өзінше тартымды. Өзіне тән қолтаңбасы бар. Қылқалам шебері табиғат тамашасын бейнелегенді ұнатады екен. Суретші өз шығармаларының басым бөлігін тамаша гүлдерге арнаған. Сурет салу үшін үнемі ізденіс пен талғам қажет. Табиғатынан кеңдікті, еркіндікті сүйіп өскен автордың көрмесі нұрлы шығармаларға толы.

Суретшінің ашық бейнелеу гаммасы оның оптимистік және жайдары мінезімен үйлеседі және көрерменді таза сезімді сезінуге, қоршаған ортаның қуанышын қабылдауға ықпал етеді. Т.Изюмованың туындылары жан тазалығына, нәзіктікке, махабатқа толы, қабылдауға жеңіл, сезімге ғана емес, ойға жетелейді.

● ТӘУЕЛСІЗДІК – ТУЫМЫЗ

Еңбек адамы – ел мақтанышы

Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ

Л.Толстой атындағы кітапхана облыс көлеміндегі бірқатар іс-шаралардың өтуіне мұрындық болып келеді. Мән-мағынаға толы кезекті отырыс "Еңбек адамы – біздің мақтанышымыз" тақырыбында өтті. Қонақжайдағы басты кейіпкер – "Большевичка" тігін фабрикасының президенті Татьяна Салманова.

"Большевичка" – бұрынғыдан естелік һәм тарихи бойтұмар. Өткен ғасырдың қырқыншы жылдары жұмысын бастаған фабрика Қостанай облысының ғана емес, Қазақстанның мақтанышы. Осы қостанайлық брендте отыз жылдан астам қызмет етіп келе жатқан Татьяна Салманова қатардағы тігіншіден ұжым президентіне дейін көтерілген.

Киім тігу ісінің шеберімен өткен кездесу фабриканың кешегі мен бүгінгі жайлы сыр шертетін презентациямен басталды.

– Киім – адамның сәні. Осы саланың үздігі саналатын "Большевичканың" тарихы туралы жастардың біліп жүргені абзал. Себебі біздің ұжым сонау соғыс жылдарынан бері халыққа қалтқысыз қызмет етіп келеді. Сондықтан сол кездегі қостанайлық фабриканың жеңіске қосқан үлесі мол дей



аламын. Қазіргі "Большевичка" – Қазақстандағы ең көлемді тігін фабрикасы. Осында өткен әрбір минутымды бағалап өтемін, – деді Татьяна Иванова.

"Большевичка" тарихын парақтасақ, ұжым майданға соғыс киімдерін жөнелту бойынша тынбай еңбек еткен. Жалпы Ұлы Отан соғысында 25 дивизияға соғыс киімдерін жөнелткен. Бүгіндері өз өнімдерін экспортқа шығару арқылы ел имиджін көтеруге атсалысып келеді. Мәселен, "Теңіз Шейроил", "Қазақ Түркмұнай", "Алтиес Петролеум Интернэшнл БВ", "KUAT" секілді ірі компаниялармен тығыз байланыс жасайды. Киім тігу ісінің қом-қалтарыстарына тоқтала келе:

– Бізде сынақ зертханасы

жұмыс істейді. Арнайы киімдер тіккен кезде бірден сонда жіберіп отырамыз. Өйткені, киімнің сапалы тігілуі біз үшін ең маңызды нәрсе. Сондай-ақ, медициналық, әскери, теміржолға арналған киімдерді тіккен уақытта да аса байыптылық қажет, – дейді кәсіпорын басшысы.

Студенттер қауымы Татьяна Салмановаға таңдалатын матаның сапасы, ұжымдағы бірлік жайында бірқатар сұрақтар қойды. Өз кезегінде ұйым басшысы оқу ордасына жиылғандарға алғысын айтты.

СУРЕТТЕ: кездесуден көрініс.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Заман талабы – технологияларды жетік меңгеру

Қуаныш
ЕСҚАБЫЛ

Қостанай облысына жұмыс сапарымен келген ҚР Білім және ғылым вице-министрі Тахир Балықбаев Рудный индустриялық институтында болды.

Сапардың басты мақсаты – аймақтағы мемлекеттік индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасының орындалу барысымен және кадрларды даярлаудың жай-күйімен танысу. Өңірдегі инженерлік-техникалық кадрларды даярлайтын бірегей білім ордасының бүгінгі тыныс-тіршілігі көңіл қуантарлық. Институт бәсекеге қабілетті мамандар даярлап қана қоймай, олардың өндірістік тәжірибеден өтіп, жұмысқа орналасуына барынша жағдай жасап келеді. Оған оқу орнын бүге-шүгесіне дейін аралаған вице-министрдің өзі көз жеткізді. Тахир Оспанұлы институттың бірқатар зертханаларында болып, ғалымдардың өнер табысымен және гранттық қаржыландыру жобаларының орындалу барысымен танысты.

"Электр және жылу энергетикасы" кафедрасының 30-ға тарта зертханалық кабинеті бар. Экскурсия барысында Тахир Балықбаев оның үшеуінде ғана болып үлгерді. Уақыттың аздығына қарамастан оқытушылар мен студенттер өздерінің инновациялық жабдықтарын көрсетіп, көрнекі стендтері мен макеттерін таныстырды.

– Бүгінде индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының шеңберінде бой көтеріп жатқан жаңа кәсіпорындар көп. Олардың толыққан-



ды жұмыс істеуі үшін алдағы 4 жылдың ішінде 60 мыңға жуық жұмысшы маман иелері керек. Заман талабы – технологияларды жетік меңгеру. "Жұмысшы маман" деген аты болмаса, қазіргі заманда жұмыстың көп бөлігі арнайы құрал-жабдықтардың көмегімен атқарылады. Ал институтта студенттердің осы технологияларды меңгеруіне барлық жағдай жасалған екен, – дейді Тахир Оспанұлы.

Мәртебелі мейман жуырда ғана ашылған "Мәңгілік ел" орталығында да болып, студенттермен жүздесті. Орталықтың басты мақсаты қаладағы оқу орындар мен мекеме-кәсіпорын жастарының басын бір арнаға тоғыстырып, Елбасы қойып отырған межелі міндеттерді орындауға жұмылдыру. Вице-министр институттағы "Серпін" бағдарламасымен келген студенттерден жөн сұрасып, олардың қызықтырған сауалдарына жауап берді.

Рудный қаласы.

● ГАЗЕТ – ДОСЫҢ, СЫРЛАСЫҢ

Өмірзақ Ихтиляпов,
Науырзым ауданының құрметті
азаматы:

Журналист болу оңай емес

«Қостанай тағы» – Мұхамбетжан Сералин, Бейімбет Майлин іргесін қалаған, негізін сонау «Ауыл» газетінен бастау алған басылым. Қиын заманнан бастап бәріне шыдап, уақытында шығып, халыққа жаңалықтарды жеткізіп тұрған ана тілді газет. Қазақтың намысын қорғайтын да, қолдайтын да, Қостанай өңірінің небір саяси құбылыстарына дес бермеген ғұмырлы газет дей аламын. «Қостанай тағы» «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы сияқты өміршеңдігімен ерекшелене алады. Басылым осынысымен де маған қымбат.

Газет бетінен өз басым көп біле бермейтін қазақ арыстары, қазақтың тарихы туралы жан-жақты мәлімет алып отырамын. Газетті мен 1970 жылдан бастап жаздырып аламын. Ертеде обкомның жанында «Марксизм-Ленинизм университеті» болды. Біздерді жас коммунист, маман ретінде сырттай жылына бір рет сол курстарға оқуға жіберетін. Өлі есімде, сол үлкен аудиторияның алдында «Коммунизм тағы» газетінің бас редакторы Бақытжан Нұрмұхамедов ағамыз орысша-қазақша қойылған көптеген сұрақтарға жауап беріп жатты.

Бір уақытта біздерге қарап: «Азаматтар, өз ана тілімізде шығатын жалғыз газетті қолдауларыңыз қажет» деді қазақша. Оның бейнесінде намыстың, сондай бір өршілдіктің кейпі бар еді. Мен осы уақытқа дейін сол ағамыздың сөзін ұмытқан жоқпын.

«Қостанай тағы» газетінің 20 данасын 2007 жылдан бастап Қорған облысы қазақтарына өз қаржыммен жаздырып беремін. Ондағы мақсат шетте жүрген қандастарымыз ел ішіндегі жаңалықтардан құлағдар болып, жан-сарайын ашатын мақалаларды оқысын дегенім. Соңғы рет 2011 жылы Дәмір ағамыз Қорғанға барып, газет бетіне қызықты мақалаларды жариялаған болатын.

Дегенмен, бүгінгі оқырманның көкірегі ояу. Басылым бетінде қателік кетпесе екен деп тілейсің. Әр сурет, әр сөз нақтылы болса деймін. Бір мысал келтіре кетсем, жақында Шоқан Уәлихановтың бірінші бетте театр әртісі ойнаған суреті шықты. Анау азамат ең болмаса мұртын жапсырарда Шоқанның сырт келбеті қандай екенін де білмеген болса керекті. Ұлы адамның абыройына дақ келтіретін деректер бермеу керек. Мұндайды керісінше сынап



жазған дұрыс деп ойлайсың.

Түсінемін, журналист еңбегі – қиын еңбек. Қазақта мынадай сөз бар: «айтылған сөз атылған оқпен тең», «Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді», – дейді. Сөз – сіздердің басты қаруларыңыз. Елде болып жатқан өзгерістерді, жаңалықтарды ешкімнің намысына тимей, халық көңіліне жететіндей түсінікті, ұғынықты, сонымен қоса қызықты етіп жеткізу оңай шаруа емес. Міне, өзім осы бір ауыз пікірімді қағаз бетіне түсіру үшін қанша уақыт толғандым, ойымды құрастырдым. Журналист еңбегін қолыма қалам алғанда түсінгендеймін.

Бірақ, «Қостанай тағы» газеті нағыз мықты ұжым екенін дәлелдеп келеді. Аға буын журналистер Дәмір Әбіш, Ермекбай Хасенов, әсіресе Сәлім Мәндібаев ағамыздың еңбегі зор. Жеңістің 70 жылдығына жазылған мақалалары халықтың ризашылығына бөленді. Жас буын журналистер Шұға Қоңқабай, Қарлығаш Оспанова, Айтолқын Айқадамова, Қымбат Досжанова қарындастарымның талаптары жақсы. Баршаға алғысымды білдіремін.

Еңбек мерекесі – елдің берекесі

Алтын күз – диқандар қауымының еткен еңбек, төккен терінің ақысын, бейнетінің зейнетін көретін шағы. Жыл бойғы еңбегін сараптап, саралап әрі зерделейтін кезі.

Жыл сайын қараша айының үшінші жексенбісі – Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің күні. Өткен аптада аудандық мәдениет үйінде дәстүрлі мереке кең көлемде аталып өтті. Мейрамның басты қонақтары – ауыл шаруашылығы саласының ардагерлері, диқандар мен малшылар, еңбек озаттары, ауыл шаруашылық құрылымдарының басшылары. Шаттыққа толы салтанат «Диев» агрофирмасы» ЖШС өнерпаздарының биімен, және қазақтың ұлттық дәстүрі – шашумен, нан мен тұз ұсынудан басталды.

Жиын барысында аудан әкімінің орынбасары Төлеутай Ержанов ауыл шаруашылығы саласында жеткен жетістіктер туралы баяндап, биылғы жылдың қорытындысын шығарды. Ал, алқалы жиында сөз алған аудан әкімі Амантай Балғарин еңбек ардагерлерін маңызды мерекемен құттықтап, елдің гүлденіп, халқымыздың ырысын молайту жолындағы олардың ерен еңбектеріне өз алғысын жаудырды.

Қалыптасқан дәстүр бойынша ел ырыздығын молайтуға елеулі үлес қосқан, ел ырысын еселеп, адал еңбегінің абыройына бөленген бір топ еңбеккерлер марапатталды. Мәселен, аудан әкімінің грамотасы аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы Болат Жақановқа, ветеринария саласының мамандары – Ерік Баймешев пен Алексей Марарға, «Тимофеевка-Агро» ЖШС бас агрономы Хасен Дүйсековке табыс етілді. Сондай-ақ, үстіміздегі жылы жаңа технологияны пайдалана отырып



жоғары өнім алғаны үшін «Аман» шаруа қожалығының басшысы Марат Нұрқановқа ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Құрмет грамотасы тапсырылды. Ал, облыс әкімінің мадақтамасына «Ермағамбетов» және «Қадыров» шаруа қожалықтарының басшылары – Сәнтай Ермағамбетов пен Данияр Қадыров ие болды. Сонымен қатар, «Диев» агрофирмасы», «АгроКомЛэнд», «Кайсар-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің механизаторлары Бақыт Байсалбеков пен механизаторлар Асылхан Жұматов, Андрей Симонов жылдың үздік комбайнер-механизаторлары атанды. Сонымен қатар, «Москалев» және «Диев» агрофирмасы» ЖШС малшысы мен аға жылқышы Медет Мұхамеджанов пен Қабден Әміров «Үздік малшы», ал «ИНСПЭК» және «Әулие би» ЖШС жүргізушілері Сергей Авдотин мен Сергей Фальгенштерн жылдың ең үздік жүргізушілері атанды.

Осылайша, бұл күнгі салтанат әсем ән, құйқылжыған күймен және көңілді бимен көркемделіп, шаттықты көңілді шабыттандыра түсті. Ал, мереке соңы ақ дастарқан басында жалғасты.

Жұмакүл СЫЗДЫҚОВА.

Әулиекөл ауданы.

Тобыл Торғай Тынысы

Жәрмеңке

Қостанай қ. 28 қарашада Спорт сарайында ауылшаруашылық тауар өндірушілері ұсынған бағамен жәрмеңке ұйымдастырылмақ. Жергілікті билік өкілдері келтірген мәліметке қарағанда, бұл жолы құны бір млрд. теңгеден асып жығылатын 3 мың тонна азық-түлік саудаға салынады. Арзандатылған өнім саудасы облыс көлемінде 153-ші рет ұйымдастырылғалы отыр.

Жергілікті өнім

Қарабалық. Ауданда ысталған етті өндірумен айналысатын цех іске қосылды. Цех жеке кәсіпкер Геннадий Кригердің бастамасымен қолға алынған болатын. Онда жиырма түрлі ет тағамы шығарылады. Осы жерде өнедірілетін ет өнімдері «Алмаз» фирмасының дүкендерінде саудаланып жатыр. Жаңа цех жергілікті халықты жұмыспен қамтып, аудан экономикасының дамуына да дем беруде.

Жолаушылар қауіпсіздігі – басты назарда

Қамысты. Кәсіпкерлер палатасының филиалы жолаушылар тасымалы саласында дөңгелек үстел өткізді. Онда аудандағы тұтынушыларға жолаушы көліктерімен қызмет ету сапасы, билеттің қолжетімділігі, жолаушылардың қауіпсіздігі, басқа да шешімі табылмай отырған мәселелер талқыланды. Жиында жолаушылар тасымалымен айналысатындар Қаулы талаптарын мүлтіксіз орындаса деген тілек айтылды.

«Елі сүйген, елін сүйген Елбасы»

Аманкелді. Орталық кітапханада «1 желтоқсан – тұңғыш Президент күні» мерекесіне орай «Елі сүйген, елін сүйген Елбасы» атты әдеби-сазды кеш өтті. Кештің мақсаты: Елбасының өмір жолы, ерен еңбегі туралы кітапхана оқырмандарына түсінік беріп, үлгі тұту, отансүйгіштікке, тәуелсіз ел азаматы болуына тәрбиелеу. Іс-шараға Аманкелді орта мектебі, Ә.Боранбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің оқушылары қатысты.

Жастар сынға түсті

Науырзым. Аудандық жастар бастамалары орталығы «ЖасSTAR» дарынды жастар конкурсын ұйымдастырды. Конкурстың басты мақсаты жастардың шығармашылығы мен мүмкіндіктерін бағалау, бағыт-бағдар беру. Байқауға 14 пен 29 жас шамасындағы үміткерлер қатысты. Бойларындағы өнерлерін сынға салған жастар аянып қалмады. Байқауға сонымен қатар, Әулиекөл ауданынан келген жас өнерпаздар қатысуға мүмкіндік алды.

Шәмші әндері

Таран. Тобыл кентіндегі «Думан» мәдениет үйінде күллі қазақ елінің рухани қазынасына айналған Шәмші Қалдаяқов әндерінің байқауы өтті. Алғаш рет ұйымдастырылған аталмыш ән байқауы көңіл пернесін дөп басқан сыршыл әндерімен көрерменді сусындатты. Вальс патшасының 85 жылдығы құрметіне арналған өнер додасында сегіз қатысушы бақ сынады.

Жерлестеріміз жүлделі оралды

Жанкелдин. Тұңғыш Президент күніне орай Рудный қаласында өткен спорттық бәсекеде Албарбөгет орта мектебінің оқушылары ерекше өнер көрсетті 43 келі салмақ бойынша Б.Сәкен облыс чемпионы атанды. Команда құрамында аудан намысын қорғаған А.Токқожа 47 келі салмақта, Ә.Токқожа 57 келі салмақта жүлделі екінші орынды иеленді. Ы.Сұлтанғазы 40 келі салмақта жүлделі үшінші орынды місе тұтты.

**Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 14 қазандағы № 433 қаулысы
"Денсаулық сақтау саласының кадрларын даярлықтан өткізу, олардың
біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы құжаттарды беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Денсаулық сақтау саласының кадрларын даярлықтан өткізу, олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы құжаттарды беру" мемлекеттік көрсеті-

летін қызмет регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі А.МҰХАМБЕТОВ.

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 5 қарашада № 5979 болып тіркелген.

Әкімдіктің 2015 жылғы 5 қазандағы № 433 қаулысымен бекітілген

**"Денсаулық сақтау саласының кадрларын даярлықтан өткізу, олардың
біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы құжаттарды беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**

1. Жалпы ережелер

1. "Денсаулық сақтау саласының кадрларын даярлықтан өткізу, олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы құжаттарды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары (Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Қостанай медициналық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны) (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және қорытынды нәтижелерін беру көрсетілген мемлекеттік қызметті алушы арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттардың түрлері мен нысандарына сәйкес денсаулық сақтау саласының кадрларын даярлықтан өткізу, біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы құжаттар.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме көрсетілетін қызметті берушінің Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 297 "Денсаулық сақтау саласының кадрларын даярлықтан өткізу, олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы құжаттарды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген "Денсаулық сақтау саласының кадрларын даярлықтан өткізу, олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы құжаттарды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының өтінішін және Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын (бұдан әрі – құжаттар топтамасы) қабылдауы болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) хатшы-іс жүргізуші құжаттар топтамасын қабылдауды жүзеге асырады және оны зертханашыға береді, 30 (отыз) минуттан аспайды.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – құжаттар топтамасын қабылдау және қабылданған құжаттар топтамасын зертханашыға беру;

2) зертханашы құжаттар топтамасын қарайды, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын дайындайды және оны зертханашыға береді, 30 (отыз) минуттан аспайды.

метті берушінің басшысына береді, 1 (бір) жұмыс күн.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қол қояды және оны зертханашыға береді, 1 (бір) жұмыс күн.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – қол қойылған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі;

4) зертханашы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға береді, 7 (жеті) сағат.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – берілген мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) хатшы-іс жүргізуші;

2) зертханашы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы.

7. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімнің (іс-қимылдың) реттілігін сипаттау:

1) хатшы-іс жүргізуші құжаттар топтамасын қабылдауды жүзеге асырады және оны зертханашыға береді, 30 (отыз) минуттан аспайды.

2) зертханашы құжаттар топтамасын қарайды, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді, 1 (бір) жұмыс күн.

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қол қояды және оны зертханашыға береді, 1 (бір) жұмыс күн.

4) зертханашы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға береді, 7 (жеті) сағат.

4. Халыққа қызмет көрсету орталықтарымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

8. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалы және "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы көрсетілмейді.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы осы регламенттің қосымшасында көрсетілген.

Постановление акимата Костанайской области от 14 октября 2015 года № 433

Об утверждении регламента государственной услуги "Выдача документов о прохождении подготовки, повышении квалификации и переподготовке кадров отрасли здравоохранения"

В соответствии со статьей 16 Закона Республики Казахстан от 15 апреля 2013 года "О государственных услугах" акимат Костанайской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить прилагаемый регламент государственной услуги "Выдача документов о прохождении подготовки, повышении квалификации и переподготовке кадров отрасли здравоохранения".

2. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким области А.МҰХАМБЕТОВ.

Зарегистрировано в Реестре государственных регистраций нормативных правовых актов 5 ноября 2015 года под № 5979

Утвержден постановлением акимата от 14 октября 2015 года № 433

Регламент государственной услуги

"Выдача документов о прохождении подготовки, повышении квалификации и переподготовке кадров отрасли здравоохранения"

1. Общие положения

1. Государственная услуга "Выдача документов о прохождении подготовки, повышении квалификации и переподготовке кадров отрасли здравоохранения" (далее - государственная услуга) оказывается организациями образования в области здравоохранения (государственное коммунальное казенное предприятие "Костанайский медицинский колледж" Управления здравоохранения акимата Костанайской области) (далее – услугодатель).

Прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги осуществляет через услугодателя.

2. Форма оказания государственной услуги – бумажная.

3. Результат оказания государственной услуги – документы о прохождении подготовки, повышении квалификации и переподготовке кадров отрасли здравоохранения в соответствии с видами и формами документов об образовании государственного образца.

Форма предоставления результата оказания государственной услуги – бумажная.

2. Описание порядка действий структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги

4. Основанием для начала процедуры (действия) по оказанию государственной услуги является принятие услугодателем заявления услугополучателя по форме согласно приложению 1 к Стандарту государственной услуги "Выдача документов о прохождении подготовки, повышении квалификации и переподготовке кадров отрасли здравоохранения", утвержденного приказом Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 28 апреля 2015 года № 297 "Об утверждении стандарта государственной услуги "Выдача документов о прохождении подготовки, повышении квалификации и переподготовке кадров отрасли здравоохранения" (далее – Стандарт) и пакета документов (далее – пакет документов), указанных в пункте 9 Стандарта.

5. Содержание каждой процедуры (действия), входящей в состав процесса оказания государственной услуги, длительность его выполнения:

1) секретарь-делопроизводитель осуществляет прием пакета документов и передает его лаборанту, не более 30 (двадцати) минут.

Результат процедуры (действия) – прием пакета документов и передача принятого пакета документов лаборанту;

2) лаборант рассматривает пакет документов, подготавливает проект результата оказания государственной услуги и передает его руководителю услугодателя, 1 (один) рабочий день.

водителю услугодателя, 1 (один) рабочий день.

Результат процедуры (действия) – проект результата оказания государственной услуги;

3) руководитель услугодателя подписывает результат оказания государственной услуги и передает его лаборанту, 1 (один) рабочий день.

Результат процедуры (действия) – подписанный результат оказания государственной услуги;

4) лаборант выдает результат оказания государственной услуги услугополучателю, 7 (семь) часов.

Результат процедуры (действия) – выданный результат оказания государственной услуги.

3. Описание порядка взаимодействия структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги

6. Перечень структурных подразделений (работников) услугодателя, которые участвуют в процессе оказания государственной услуги:

1) секретарь-делопроизводитель;

2) лаборант;

3) руководитель услугодателя.

7. Описание последовательности процедур (действий) между структурными подразделениями (работниками) с указанием длительности каждой процедуры (действия):

1) секретарь-делопроизводитель осуществляет прием пакета документов и передает его лаборанту, не более 30 (двадцати) минут.

2) лаборант рассматривает пакет документов, подготавливает проект результата оказания государственной услуги и передает его руководителю услугодателя, 1 (один) рабочий день.

3) руководитель услугодателя подписывает результат оказания государственной услуги и передает его лаборанту, 1 (один) рабочий день.

4) лаборант выдает результат оказания государственной услуги услугополучателю, 7 (семь) часов.

4. Описание порядка взаимодействия с центром обслуживания населения и (или) иными услугодателями, а также порядка использования информационных систем в процессе оказания государственной услуги

8. Государственная услуга через филиал республиканского государственного предприятия "Центр обслуживания населения" по Костанайской области и веб-портал "Электронного правительства" не оказывается.

Справочник бизнес-процессов оказания государственной услуги представлен в приложении к настоящему регламенту.

Приложение к регламенту государственной услуги
"Выдача документов о прохождении подготовки, повышении квалификации и переподготовке кадров отрасли здравоохранения"

**Справочник бизнес-процессов оказания государственной услуги
"Выдача документов о прохождении подготовки, повышении квалификации и переподготовке кадров отрасли здравоохранения"**



Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 22 қазандағы №447 қаулысы

Дене шынықтыру мен спорт саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы

"Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің "Дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 139 бұйрығына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қоса беріліп отырған:

- 1) "Жергілікті спорт федерацияларына аккредиттеу туралы";
- 2) "Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат, 1-разрядты спортшы спорттық разрядтарын және біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, спорт төрешісі біліктілік санаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттері бекітілсін.

беру";

3) "2-разрядты спортшы, 3-разрядты спортшы, 1-ші жасөспірімдер разрядындағы спортшы, 2-ші жасөспірімдер разрядындағы спортшы, 3-ші жасөспірімдер разрядындағы спортшы спорттық разрядтарын және біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы спортшы, спорт төрешісі біліктілік санаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттері бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі А.МҰХАМБЕТОВ.

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 25 қарашада № 6019 болып тіркелген.

Әкімдіктің 2015 жылғы 22 қазандағы № 447 қаулысымен бекітілген

"Жергілікті спорт федерацияларын аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. "Жергілікті спорт федерацияларын аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) "Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;
- 2) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі спорт федерацияларын аккредиттеу туралы куәлік, қайта рәсімделген спорт федерацияларын аккредиттеу туралы куәлік, спорт федерацияларын аккредиттеу туралы куәліктің болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімдерді (іс-қимылдарды) бастауға негіздеме көрсетілетін қызмет берушінің Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 139 "Дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген "Жергілікті спорт федерацияларына аккредиттеу туралы куәлік беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) 1 немесе 2-қосымшаларына сәйкес өтінішті Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттармен қоса қабылдауы (бұдан әрі – құжаттар топтамасы) немесе электрондық құжат нысанындағы көрсетілетін қызметті алушының (немесе уәкілетті өкілінің) ЭЦҚ куәландырылған сұрау салу болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттар топтамасын қабылдайды, тіркейді және құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жібереді – 20 (жиырма) минут;

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – құжаттар топтамасын қабылдау;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы жауапты орындаушыны айқындайды, тиісті бұрыштама қояды – 15 (он бес) минут;

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – көрсетілетін қызметті беруші басшысының бұрыштамасы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттар топтамасын зерделейді, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын дайындайды және қол қою үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жібереді: аккредиттеу туралы куәлікті беру – 14 (он төрт) күнтізбелік күн;

аккредиттеу туралы куәлікті қайта рәсімдеу – 4 (төрт) күнтізбелік күн;

аккредиттеу туралы куәліктің тел нұсқасын беру – 4 (төрт) күнтізбелік күн;

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасы;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қол қояды – 15 (он бес) минут;

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – қол қойылған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі;

5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға (немесе сенім хат бойынша уәкілетті өкіліне) береді –

15 (он бес) минут.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушыға берілген мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы;

7. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттар топтамасын қабылдайды, тіркейді және басшыға құжаттар топтамасын береді – 20 (жиырма) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы жауапты орындаушыны айқындайды – 15 (он бес) минут;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттар топтамасын зерделейді, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын дайындайды, оны қол қою үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады:

аккредиттеу туралы куәлікті беру – 14 (он төрт) күнтізбелік күн;

аккредиттеу туралы куәлікті қайта рәсімдеу – 4 (төрт) күнтізбелік күн;

аккредиттеу туралы куәліктің тел нұсқасын беру – 4 (төрт) күнтізбелік күн;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қол қояды – 15 (он бес) минут;

5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға (немесе сенімхат бойынша уәкілетті өкіліне) мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді – 15 (он бес) минут.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібін сипаттау

8. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Қостанай облысы бойынша халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы арқылы көрсетілмейді.

9. Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі жүгіну тәртібін көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушының рәсімдерінің (іс-қимылдарының) реттілігін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті алушы Порталда тіркелуді (авторизациялауды) ЭЦҚ арқылы жүзеге асырады;

2) көрсетілетін қызметті алушының электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызметті таңдауы, электрондық сұрау салу жолдарын толтыруы және құжаттар топтамасын бекітуі;

3) электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы арқылы электрондық сұрау салуды куәландыру;

4) көрсетілетін қызметті берушінің электрондық сұрау салуды өңдеуі (тексеруі, тіркеуі);

5) көрсетілетін қызмет алушының электрондық сұрау салу мәртебесімен көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу тарихында алуы.

Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуге тартылған ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы осы Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген.


Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) ретін, көрсеті-

летін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы, сондай-ақ өзге көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібінің және мемлекеттік қызмет

көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің сипаттамасы осы Регламенттің 2-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

"Жергілікті спорт федерацияларын аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет Регламентіне 1-қосымша

Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуге тартылған ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы




Шартты белгілер мен қысқартулар:

	Бастапқы хабарлама
	Соңғы хабарлама
	Процесс
	Басқару ағыны
	Хабарламалар ағыны
	Соңғы тұтынушыға ұсынылатын электрондық құжат
ИС	Ақпараттық жүйе
ЭҮП	"Электрондық үкімет" веб-порталы
ЭҮШ	"Электрондық үкімет" веб-шлюзі

"Жергілікті спорт федерацияларын аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет Регламентіне 2-қосымша

"Жергілікті спорт федерацияларын аккредиттеу" мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



Әкімдіктің 2015 жылғы 22 қазандағы № 447 қаулысымен бекітілген

"Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат, 1-разрядты спортшы спорттық разрядтарын және біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, бірінші санатты спорт төрешісі біліктілік санаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат, 1-разрядты спортшы спорттық разрядтарын және біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, бірінші санатты спорт төрешісі біліктілік санаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан

әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) "Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру "Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалы (бұдан әрі – ХҚКО) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі спорттық разрядты беру туралы куәлік, біліктілік санатын беру туралы куәлік не спорттық разрядты, біліктілік санатын беру туралы бұйрықтың көшірмесі болып табылады

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) арқылы жүзеге асырылмайды.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) арқылы жүзеге асырылмайды.

4. Халыққа қызмет көрсету орталықтарымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

4. ХҚКО-ға жүгіну тәртібін сипаттау, көрсетілетін қызметті берушінің өтінішін өңдеу ұзақтығы:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ХҚКО-ға жүгінеді;

2) ХҚКО қызметкері Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 139 "Дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат, 1-разрядты спортшы спорттық разрядтарын және біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, бірінші санатты спорт төрешісі біліктілік санаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартының (бұдан әрі –

Стандарт) 9-тармағына сәйкес тізбе бойынша құжаттар топтамасының (бұдан әрі – құжаттар топтамасы) толықтығын тексереді.

